

Торайғыров университетінің  
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ  
Торайғыров университета

---

**ТОРАЙҒЫРОВ  
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ  
ХАБАРШЫСЫ**

**Филологиялық серия**  
1997 жылдан бастап шығады



**ВЕСТНИК  
ТОРАЙҒЫРОВ  
УНИВЕРСИТЕТА**

**Филологическая серия**  
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3528

**№ 1 (2026)**

**Павлодар**

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ  
ТОРАЙГЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА**

**Филологическая серия**

выходит 4 раза в год

---

**СВИДЕТЕЛЬСТВО**

О постановке на переучет периодического печатного издания,  
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ30VPY00029268

выдано

Министерством информации и общественного развития  
Республики Казахстан

**Тематическая направленность**

публикация материалов в области филологии

**Подписной индекс – 76132**

<https://doi.org/10.48081/BGQF1735>

---

**Бас редакторы – главный редактор**

Жусупов Н. К.

*д.ф.н., профессор*

Заместитель главного редактора

Анесова А. Ж., *доктор PhD*

Ответственный секретарь

Уайханова М. А., *доктор PhD*

**Редакция алқасы – Редакционная коллегия**

Дементьев В. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Еспенбетов А. С., *д.ф.н., профессор*

Трушев А. К., *д.ф.н., профессор*

Маслова В. А., *д.ф.н., профессор (Белоруссия)*

Пименова М. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Баратова М. Н., *д.ф.н., профессор*

Аймухамбет Ж. А., *д.ф.н., профессор*

Шапауов Ә. Қ., *к.ф.н., профессор*

Шокубаева З. Ж., *технический редактор*

---

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

<https://doi.org/10.48081/BGQF1736>

**\*А. Е. Абдибекова<sup>1</sup>, О. А. Радчук<sup>2</sup>**

<sup>1,2</sup>Ахмет Байтұрсынұлы ағындағы Қостанай өңірлік университеті,  
Қазақстан Республикасы, Қостанай қ.

<sup>1</sup>ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-4219-7425>

<sup>2</sup>ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-6429-3701>

\*e-mail: [aikumisab@gmail.com](mailto:aikumisab@gmail.com)

## **ҚАЗАҚ, ОРЫС ЖӘНЕ АҒЫЛШЫН ЛИНГВОМӘДЕНИЕТТЕРІНДЕГІ АҒАШ ҰҒЫМЫ**

*Бұл мақалада қазақ, орыс және ағылшын лингвомәдениеттеріндегі ағаш ұғымы қарастырылады. Әр мәдениетте ағаш халықтың өмірімен және мәдениетімен байланысты. Ағаш үш әлемді байланыстырушы бейне болып табылады, оның бұтақтары аспанмен, діңі – жер әлемімен, тамыры – жер асты әлемімен байланысты. Ағаш – көптеген мәдениеттерде беріктіктің, ұзақтықтың, өркендеудің, жемістіліктің және байлықтың символы. Зерттеу мақаласында көркем шығармалардағы «ағаш» концептісін, ағаш компоненті немесе ағаштардың белгілі бір түрлері бар мақал-мәтелдер негізінде зерттеген ғалымдардың ғылыми еңбектеріне шолу берілген. Қазақ, орыс және ағылшын тілдеріндегі лексикографиялық дереккөздерге (этимологиялық, түсіндірме сөздіктер), мақал-мәтелдерге, фразеологиялық тіркестерге салыстырмалы-салғастырмалы талдау жүргізу барысында қазақ, орыс және ағылшын халықтарының лингвомәдениеттеріндегі ағаш бейнесінің айырмашылықтары мен ұқсастықтары, ерекшеліктері атап өтілді. Сонымен, қазақ лингвомәдениетінде негізінен өмір мен ұрпақтар сабақтастығын сипаттайтын ағаш бейнесі басым. Ағаш өмірдің қайнар көзі, ұрпақтың басталуы түрінде көрінеді. Орыс тіліндегі мақал-мәтелдерде ағаш өмір жасы мен тәжірибенің бейнесі болып табылады: жастық та, кәрілік те. Ағаш бақыт пен сәттілік әкеледі. Ағылшын тілді мәдениетте ағаштың бейнесі негізінен әл-ауқатпен, өркендеумен және өсумен байланысты.*

*Кілтті сөздер: символ, концепт, ағаш, лингвомәдениет, мақал-мәтелдер.*

## Кіріспе

Әлем ағашы (лат. Arbor mundi) – мифологиялық архетип, ғаламның барлық салаларын біріктіретін әмбебап ағаш [1, 253-б.]. Сонымен қатар көптеген мәдениеттерде «өмір ағашы» ұғымы да қолданылады. Әдетте, ағаш бейнесін әлем жаратылысын түсінудің жолы деп білеміз, себебі оның бұтақтары аспанмен, діңі – жер әлемімен, тамыры – жер асты әлемімен байланысты. Адам өмірінің бастауы да ағашпен байланыстырылады.

Қазіргі ғылыми зерттеулердің ішінде «ағаш» концептісіне арналған жұмыстар бар.

Э. Р. Когай «ағаш» концептісінің мазмұнды компоненттерін талдап, әмбебап, ұлттық мәдени және жеке авторлық қабаттарын анықтады [2, 61–64-бб.].

Х. С. Мұхамадиев, Л. Ж. Мұсалы көрнекті ақын Олжас Сүлейменовтің шығармашылығын зерттеді. Әртүрлі авторлардың поэтикалық мәтіндерінде О. Сүлейменовтің бейнесі өміршең ағаштың бейнесімен салыстырылады [3, 69–76-бб.].

М.В. Пименова «Шие» концептісін зерттеп, оның алғашқы белгілерін танымдық белгілерімен талдады [4, 285–291-бб.].

Бұл мақала үш түрлі лингвомәдениеттегі – қазақ, орыс және ағылшын тілдеріндегі «ағаш/дерево/tree» концептісін зерттеуге арналған. Бұл концептке деген қызығушылық оның әлемдік мәдениетте кең таралуына байланысты.

Белгілі лингвист В. А. Маслованың айтуынша, қазіргі таңда адам және табиғаттың өзара байланысы антропокосмизм парадигмасында қарастырылады. Кез келген ұлттың рухани дүниесі оның қоршаған ортасымен анықталады [5, 134-б.]. Әр халықтың әлем ағашының метафорасы әртүрлі бейнеде берілген, мысалы, финдер үшін бұл қарағай, немістер үшін – ежелгі немістердің басты қасиетті ағашы болған емен, орыстар үшін – қайың. Славяндар негізінен ормандарда өмір сүргендіктен ағаштарға ерекше қараған. Қайың, емен, шырша, алма ағашы, алмұрт, шие – жақсы бастаманың, ал бүрген, шетен, көктерек бақытсыздықтың символы болып келеді [6, 192-б.].

Британдықтар үшін киелі ағаштар – шыған, тікенді бұтасы, ырғай, емен, долана, шетен, қайың, тал, шілік. Олардың ішінде күш пен төзімділікті білдіретін емен ағашы ағылшындар үшін, жалпы бүкіл Еуропада қасиетті ағаш болып табылады [7].

Көшпенділер үшін кез келген ағаш қуат пен тіршіліктің нышаны болып саналады. Түркі дүниетанымында шырша, қарағай, емен, қайың, арша, шынар сияқты киелі ағаштар болған [8, 234-б.]. Ал қазақ мифологиясында бәйтерек үш әлемді байланыстырушы әлем ағашы, өмір ағашы, космос ағашы ретінде сипатталады. Сондықтан еліміздің астанасының төрінде тарихы бай және тірегі мықты мемлекетті бейнелейтін бәйтерек монументі тұр.

## Материалдар мен әдістері

Бұл мақалада қазақ, орыс және ағылшын тілдеріндегі фразеологиялық тіркестер мен мақал-мәтелдер салыстырылып, жинақталып, талданған. Зерттеу материалы ретінде этимологиялық, түсіндірме, фразеологиялық сөздіктер, мақал-мәтел сөздіктері, ұлттық корпус, қазақ, орыс және ағылшын тілдерінің сөздіктері алынды. Берілген зерттеуде лингвомәдениеттану тұрғысынан салыстыру, талдау, синтез, сипаттау, жалпылау және жіктеу әдістері қолданылды.

## Нәтижелер мен талқылау

Э. В. Севортянның «Түркі тілдерінің этимологиялық сөздігіне» сәйкес ағаш сөзінің мынадай мағыналары бар: «ағаш» – ағаш (өсімдік); орман; тоғай; бұта; жалпы өсімдік; ағаш діңі; бөрене; тірек; ағаш бөлігі; таяқ; ағаш (әртүрлі мақсатта қолданылатын материал); ағаштан жасалған бұйым; шырпы; ұзындық өлшемі [9, 71-б.].

Ал орыс тілінің этимологиялық сөздігінде «дерево» басқа тілдерде сәйкестігі бар жалпы славян сөзі делінеді. Жалпы славяндық «ағаш» сөзі dervo түріне ие және der негізінен шыққан (сол негізде, бірақ өзгертілген дауысты дыбыспен драть етістігі бар). Ежелгі үнді тілінде daru – «ағаш», грек тіліндегі dory – «ағаш», Литва тіліндегі «дэрва» – «қарағай» және кельт тіліндегі «дэровс» – «емен», грек тіліндегі «дори» – «найза білігі», санскрит тіліндегі «дару», «дру» – «ағаш». «Ағаш» сөзі XI ғасырда көне орыс тіліне енген [10].

Merriam-Webster сөздігі сөздің шығу төркінін былай түсіндіреді: орта ағылшын, ескі ағылшын treow көне скандинав trē tree, грек drys, санскрит dāru ағашына ұқсас [11].

Қазақ, орыс, ағылшын тілдеріндегі ағаш сөзінің мағынасына келетін болсақ, Т. Жанұзақовтың «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде» «ағаш» сөзі келесі мағыналарға ие: ағаш – бұтақты, жапырақты, қатты түбірлі көпжылдық өсімдік; жалпы ағаш атаулы; тұрмыс қажетін өтеу үшін кесіліп, қиылып алынған ағаш кесінділері; құрылыс материалы. [12, 16-б.]. С. А. Кузнецов «Орыс тілінің үлкен түсіндірме сөздігінде» мынадай анықтама береді: дерево – қатты діңі мен бұтақтары бар көпжылдық өсімдік; бұйымдарға, ғимараттарға қолданылатын ағаш материалы [13, 252-б.]. Кембридж сөздігінде ағашты былай сипаттайды: tree – ағаш діңі мен жоғарғы жағынан өсетін бұтақтары бар биік өсімдік [14].

Бұл зерттеудің мақсаты – тіл арқылы халықтың дүниетанымы мен мәдениетін аша білу. Қарастырылып отырған концепттің құндылық белгілері қазақ [15; 16; 17], орыс [18] және ағылшын тілдеріндегі фразеологиялық тіркестер мен мақал-мәтелдерді [19; 20] талдау негізінде анықталады. Себебі

олар халықтың менталитеті туралы ақпараттың құнды дереккөзі болып табылады.

Әлемнің көптеген мәдениеттерінде ағаш ұғымы өмір мен ұрпақтар сабақтастығының символы болып келеді. Мысалы,

*Әкенің еккен ағашы – ұрпаққа сая* – әкенің өз өмірінде істеп кеткен игілікті істері өзінен өрбіп-өскен ұрпақтары үшін ұзақ уақыт, саялы бақтай, рахат өмір сыйлайды. Бұл мақалдың ағылшын және орыс тілдеріндегі баламалары бар – walnuts and pears you plant for your heirs, деревья скоро садят, да не скоро с них плод едят.

*Ағаш еккеннің аты қалар* – артында із қалдырудың, ел жадында есімін мәңгі сақтаудың бір жолы – ағаш тігіп, бақ қалдыру, өйткені бұл ұзақ жыл бойы тер төгіп, еңбек етуді талап етеді.

*Бабасы еккен ағашқа баласы саялайды* – әкесі ағаш ексе, ұрпағы көлеңкесінде саялап, жемісін жейді.

*Ағаш бір жерде ғана өседі* – бір жерде, бір орында тұрақты өмір сүріп, қызмет істеген адам ғана береке табады, өсіп өнеді, мол табысқа жетеді.

Орыс тілінде жастық шақ пен қартайған шақты білдіретін мақал-мәтелдердің бар екенін көреміз:

*Старое дерево трещит, молодое летит* – ұзақ уақыт өткеннен кейін ағаш құрғап, шытырлайды дейді. Ағашты адаммен салыстыра отырып, жылдар өткен сайын оның күші мен энергиясы әлсірейтінін білдіреді. Ал жас ағаш өсіп, гүлденеді. Дәл солай адам өседі, өмірлік энергиясы толып, жаңа бастама жасауға үлкен әлеуетке ие болады.

*Молодое да кривое (дерево), под старость и вдвое* – бұл мақал-мәтелде жастық пен кәрілік жағымсыз көріністің немесе жастық шақтағы рухани қасиеттердің тән белгілерімен және олардың қартайған кездегі айқын көрінісімен байқалады. Көбінесе теріс коннотацияларға ие. Егер жас кезінде адам өзінің сыртқы түрімен немесе мінезімен тартымсыз болса, онда жасына қарай бұл қасиеттер тамыр жайып, онымен қарым-қатынас жасау қиын болады.

Ағылшын тілінде *close as the bark to the tree* идиомасы ерекше жақын, тығыз қарым-қатынасты немесе достықты сипаттау үшін қолданылады.

Орыс тілінде *яблоко от яблони недалеко падает* десе, ағылшындар *the apple falls not far from the tree*, қазақ халқы *алма алма ағашынан алысқа құламайды* дейді. Бала әдетте ата-анасына ұқсайды дегендей, үш тілде де тәрбиеге байланысты мынадай тұрақты сөз тіркестер бар екенін аңғарамыз:

*Күтімі жаман ағаштың – бітімі жаман* – балаға үлгілі және әдепті болып өсуі үшін ерте кезден бастап дұрыс тәрбие беріп, жақсылық пен адамгершілік қасиеттерін бойына дарыта білу керек, ал орысша *куда дерево*

*клонилось, туда и повалилась*, ағылшынша *as the twig is bent, so is the tree inclined* адамның мінезі балалық шақта қалыптасады делінеді.

*Қазанына қарай – шөміші, ағашына қарай – жемісі, от доброго дерева добрый и плод, the tree is known by its fruit* деген тіркестер әр нәрсенің жасау-жабдығы, әр адамның ісі, өзінен өскен ұрпағы – бәрі де өзіне сай, өзіне сәйкес, өзіне лайықты болады дегенді білдіреді.

*Өсер жастың алдын кеспе, өсер ағаштың басын кеспе* – талантты, болашағы бар адамға кедергі келтірме, әдейілеп жамандық жасама деп тұр.

Табиғи символ ретінде ағаш және оның көптеген мәдениеттердегі ерекшеліктері адамның мінезімен байланысты.

Қазақ және орыс тілдерінде былай делінеді: *ағаш жемісімен, адам ісімен құнды, дерево ценят по плодам, а человека – по делам, ағаш көркі – ашылған гүлі, адам көркі – малы мен пұлы, даланың көркі – ағаш, ағаш жапырағымен, жер топырағымен сәнді, ағаш көркі – жапырақ, адам көркі – шүберек.*

*Ағаштан түйін түйеді* сөз тіркесі аса шебер, өнерлі, он саусағынан өнер тамған кісіні сипаттаса, ал *ағаш белсенді* қолынан еш нәрсе келмейтін, сырттай ғана пысық адамды білдіреді.

*Жалғыз ағаш орман болмас, жалғыз адам қорған болмас* – қаптап, қаулап өскен қалың ағаш болмаса, жалғыз ағаш орман аталмайтыны сияқты, қалың қол болып, қауымдаса қолға алса ғана елді, жерді қорғауға болады.

*Приживчивое дерево из тычка растет* – бұл сөз тал туралы айтылған. Егер сіз көктемде талдың бұтағын кесіп, оны жерге отырғызсаңыз, онда ол оңай өнетіні белгілі. Жылдам өсуі, әдемі тәж пішіні және күміс пен жасыл түстердің ерекше үйлесімі үшін ағаш саябақ пен бақша аймақтарында өсіріледі. Адамға қатысты да қолдануға болады. Егер адам мейірімді мінезге ие болса, онда ол оны бағалайтын және құрметтейтін кез-келген қоғамда өз орнын табады.

*Червь дерево тлит, а злая жена дом изводит* мақал-мәтелінде ағашты шірітіп, жоятын құртты зұлым әйелімен салыстыру байқалады, ол өзінің ашушандығымен, үнсіздігімен үй шаруашылығына теріс әсер етеді, сонымен бірге отбасының ортақ шатырдың астында тұруының дәстүрлі негіздерін бұзады.

Орыс тілінде бақыт пен сәттілікті білдіретін мақалдар бар – *к нашему берегу не привалит хорошее дерево немесе нет такого дерева, чтоб на него птица не садилась.*

Ағылшын тіліндегі *at the top of the tree* идиомасында ең жоғары кәсіби лауазымда болу, *flourish like a green bay tree* өркендеу, өсу деген мағынаны көреміз.

### Қорытынды

Әлем ағашы, өмір ағашы – бүкіл әлемдегі мәдениеттерде кең таралған идея. Кейде бұл өмірдің қайнар көзі, барлық өмірді байланыстыратын күштің өзі болып саналады.

Қазақ паремиологиялық қорында өмір мен ұрпақтар сабақтастығының символы болып келетін ағаш ұғымы көбірек кездеседі. Орыс тілінде жастық шақ пен қартайған шақты, бақыт пен сәттілікті білдіретін бірқатар мақал-мәтелдер бар. Ағылшын тілінде негізінен өркендеу және өсу мағынада қолданылады.

Тәрбиеге байланысты баланың ата-анасына ұқсас мінезге немесе қасиеттерге ие болады, адамның мінезі балалық шақта қалыптасады деген тіркестер – үш тілге де ортақ белгілер.

### ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 **Петрухин, В. Я.** Мировое дерево [Текст] // Славянские древности: Этнолингвистический словарь : в 5 т. / Под общ. ред. Н. И. Толстого; Институт славяноведения РАН. – М. : Межд. отношения, 2004. – Т. 3. – С. 253–254.

2 **Когай, Э. Р.** Концепт «Дерево» в культуре Центральной Азии [Текст] // Вестник КазНУ. Серия филологическая. – 2015. – № 5 (157). – С. 61–64.

3 **Мухамадиев, Х.С., Мусалы, Л. Ж.** Концепт дерево или «Ода карагачу» [Текст] // Вестник РУДН. Серия Теория языка. Семиотика. Семантика. – 2014. – № 2. – С. 69–76.

4 **Пименова, М. В.** Генезис когнитивных признаков в структуре концепта вишня [Текст] // Вестник Кемеровского государственного университета. Серия: Гуманитарные и общественные науки. – 2022. – № 4(6). – С. 285–291.

5 **Маслова, В. А.** Лингвокультурология. Введение: учеб. пособие для бакалавриата и магистратуры [Текст] / В. А. Маслова; отв. ред. У. М. Бахтикиреева. – 2-е изд. – М. : Юрайт, 2018. – 208 с.

6 **Маслова, В. А.** Роль русского языка в концептуализации мира: лингвокультурный аспект. – Русистика, 2019. – С. 184–197. [Электронный ресурс]. – URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/rol-russkogo-yazyka-v-kontseptualizatsii-mira-lingvokulturnyy-aspekt> (дата обращения: 26.01.2024).

7 **Keating, H.** British trees: folklore and mythology. [Электронный ресурс]. – URL : <https://www.woodlandtrust.org.uk/blog/2021/04/tree-folklore/>

8 **Шайгозова, Ж. Н., Наурызбаева, А. Б.** Қазақ мәдениетінің белгілері мен нышандарының қысқаша энциклопедиясы. Қазақ ғылыми-зерттеу мәдениет институты. – Алматы, 2023 [Электронды ресурсы]. – URL : <https://artandcrafts.cultural.kz/kz/derevo/>

- 9 **Севортян, Э. В.** Этимологический словарь тюркских языков [Текст] / Э. В. Севортян. – М. : Наука, 1974. – 768 с.
- 10 Этимологические онлайн-словари русского языка [Электронный ресурс] – <https://le3xicography.online/etymology>
- 11 Tree Definition & Meaning [Electronic resource]. – URL : <https://www.merriam-webster.com/dictionary/tree#word-history>
- 12 **Жанұзақов, Т.** Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі [Мәтін] / Т. Жанұзақов. – Алматы: Дайк-Пресс, 2008. – 968 с.
- 13 **Кузнецов, С. А.** Большой толковый словарь русского языка [Текст] / С. А. Кузнецов. – СПб. : Норит, 2000. – 1536 с. (С. 252)
- 14 Cambridge Dictionary. – URL : <https://dictionary.cambridge.org>
- 15 **Кеңесбаев, І.** Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі [Мәтін] / І. Кеңесбаев. – Алматы : ҚазАқпарат, 2007. – 168 б.
- 16 Кейкін, Ж. Қазақ мақал-мәтелдерінің алтын кітабы [Мәтін] / Ж. Кейкін. – Алматы : Аруна, 2012. – 632 б.
- 17 Қазақ тілінің ұлттық корпусы [Электронды ресурсы] – <https://qazcorpus.kz>.
- 18 **Даль, В. И.** Пословицы русского народа: Сборник пословиц, поговорок, речений, присловий, чистоговорок, прибауток, загадок, поверий и пр. [Электронный ресурс] – [https://ru.wikisource.org/wiki/Пословицы\\_русского\\_народа\\_\(Даль\)](https://ru.wikisource.org/wiki/Пословицы_русского_народа_(Даль))
- 19 Concise Dictionary of Proverbs. Oxford: Oxford University Press, 2003. – 364 p.
- 20 Oxford Dictionary of Idioms. Oxford: Oxford University Press, 2004. – 352 p.

## REFERENCES

- 1 **Petruxin, V. Ya.** Mirovoe derevo [World tree] [Text] // Slavyanskije drevnosti: E`tnolingvističeskij slovar` : v 5 t. / Pod obshh. red. N. I. Tolstogo; Institut slavyanovedeniya RAN. – Moscow : Mezhd. otnosheniya, 2004. – Vol. 3. – P. 253–254.
- 2 **Kogaj, E. R.** Koncept «Derevo» v kul`ture Central`noj Azii [Concept of «Tree» in the culture of Central Asia] [Text] // Vestnik KazNU. Seriya filologičeskaya. – 2015. – № 5 (157). – P. 61–64.
- 3 **Muxamadiev, X.S., Musaly`, L. Zh.** Koncept derevo ili «Oda karagachu» [Concept of tree or «Ode to the karagach»] [Text] // Vestnik RUDN. Seriya Teoriya yazy`ka. Semiotika. Semantika. – 2014. – № 2. – P. 69–76.
- 4 **Pimenova, M. V.** Genezis kognitivny`x priznakov v strukture koncepta vishnya [The genesis of cognitive features in the structure of the cherry concept]

[Text] // Vestnik Kemerovskogo gosudarstvennogo universiteta. Seriya: Gumanitarny`e i obshchestvenny`e nauki. – 2022. – № 4(6). – P. 285–291.

5 **Maslova, V. A.** Lingvokul`turologiya. Vvedenie: ucheb. posobie dlya bakalavriata i magistratury` [Linguoculturology] [Text] / V. A. Maslova; otv. red. U. M. Baxtikireeva. – 2-e izd. – Moscow : Yurajt, 2018. – 208 p.

6 **Maslova, V. A.** Rol` russkogo yazy`ka v konceptualizacii mira: lingvokul`turny`j aspekt. [The role of the Russian language in the conceptualization of the world: linguistic and cultural aspect] – Rusistika, 2019. – P. 184–197. [Electronic resource]. – URL : <https://cyberleninka.ru/article/n/rol-russkogo-yazyka-v-kontseptualizatsii-mira-lingvokulturnyy-aspekt> (data obrashheniya: 26.01.2024).

7 **Keating, H.** British trees: folklore and mythology. [Electronic resource]. – URL : <https://www.woodlandtrust.org.uk/blog/2021/04/tree-folklore/>

8 **Shaygozova, Zh. N., Naurzbayeva, A. B.** Qazaq madenietinin belgileri men nyshandyrynyn kyskasha encyklopediyasy. Qazaq gylimi zertteu madeniet instituty. [Brief encyclopedia of signs and symbols of Kazakh culture] Almaty, 2023 [Electronic resource]. – URL : <https://artandcrafts.cultural.kz/kz/derevo/>

9 **Sevortyan, E`V.** E`timologicheskij slovar` tyurkskix yazy`kov [Etymological dictionary of Turkic languages] [Text] / E` V. Sevortyan. – Moscow : Nauka, 1974. – 768 p.

10 E`timologicheskie onlajn-slovari russkogo yazy`ka [Etymological online dictionaries of the Russian language] [Electronic resource] – <https://le3xicography.online/etymology>

11 Tree Definition & Meaning [Electronic resource]. – URL : <https://www.merriam-webster.com/dictionary/tree#word-history>

12 **Zhanuzakov, T.** Qazaq tilinin tusindirme sozdigi [Explanatory Dictionary of the Kazakh language] [Text] / T. Zhanuzakov. – Almaty : Dajk-Press, 2008. – 968 p.

13 **Kuznecov, S. A.** Bol`shoj tolkovy`j slovar` russkogo yazy`ka [A large explanatory dictionary of the Russian language] [Text] / S. A. Kuznecov. – St. Petersburg : Norit, 2000. – 1536 p. (P. 252)

14 Cambridge Dictionary. – URL : <https://dictionary.cambridge.org>

15 **Kenesbayev, I.** Qazaq tilinin phraseologiyaliq sozdigi [Phraseological Dictionary of the Kazakh language] [Text] / I. Kenesbayev. – Almaty : KazAqparat, 2007. – 168 p.

16 **Keikin, Zh.** Qazaq maqal-matelderinin altyn kitabi [Golden Book of Kazakh Proverbs] [Text] / Zh. Keikin. – Almaty : Aruna, 2012. – 632 p.

17 Qazaq tilinin ulttyq korpusy [National Corps of the Kazakh language] [Electronic resource]. – <https://qazcorpus.kz>.

18 **Daľ, V. I.** Poslovicy russkogo naroda: Sbornik poslovicz, pogovorok, rechenij, prislovij, chistogovorok, pribautok, zagadok, poverij i pr. [Proverbs of the Russian

people: A collection of proverbs, sayings, pure sayings, jokes, riddles, beliefs, etc.] [Electronic resource]. – [https://ru.wikisource.org/wiki/Posloviцы\\_russkogo\\_naroda\\_\(Dal'\)](https://ru.wikisource.org/wiki/Posloviцы_russkogo_naroda_(Dal'))

19 Concise Dictionary of Proverbs. Oxford: Oxford University Press, 2003. – 364 p.

20 Oxford Dictionary of Idioms. Oxford: Oxford University Press, 2004. – 352 p.

05.06.24 ж. баспаға түсті.

09.04.25 ж. түзетулерімен түсті.

16.02.26 ж. басып шығаруға қабылданды.

\*А. Е. Абдибекова<sup>1</sup>, О. А. Радчук<sup>2</sup>

<sup>1,2</sup>Костанайский региональный университет

имени Ахмет Байтұрсынұлы,

Республика Казахстан, г. Костанай.

Поступило в редакцию 05.06.24.

Поступило с исправлениями 09.04.25.

Принято в печать 16.02.26.

## ОБРАЗ ДЕРЕВА В КАЗАХСКОЙ, РУССКОЙ И АНГЛИЙСКОЙ ЛИНГВОКУЛЬТУРАХ

*В данной статье анализируется образ дерева в казахской, русской и английской лингвокультурах. В каждой из культур дерево ассоциируется с жизнью, родом и культурой народа. Дерево представляет собой связующий образ трех миров, ветви которого связаны с небом, ствол – с земным миром, корни – с подземным миром. Дерево во многих культурах является символом прочности, долговечности, роста, плодородия и богатства. В исследовательской статье представлен обзор научных трудов ученых, изучавших концепт «дерево» на материале художественных произведений, пословицы, поговорки с компонентом дерево или конкретные разновидности деревьев. В ходе проведения сравнительно-сопоставительного анализа лексикографических источников (этимологических, толковых словарей), пословиц и поговорок, фразеологизмов в казахском, русском и английском языках были отмечены различия и сходства, особенности дерева в лингвокультурах казахского, русского и английского народов. Так, в казахской лингвокультуре, в основном, преобладает образ дерева, символизирующий жизнь и преемственность поколений. Дерево предстает в образе источника*

*жизни, своего рода началом поколения. В пословицах русского языка дерево является олицетворением возраста, опыта: как молодости, так и старости. Дерево приносит счастье и удачу, является неким талисманом. В англоязычной культуре образ дерева преимущественно связан с благополучием, процветанием и ростом.*

*Ключевые слова: символ, концепт, дерево, лингвокультура, пословицы и поговорки.*

\*A. Y. Abdibekova<sup>1</sup>, O. A. Radchuk<sup>2</sup>

<sup>1,2</sup>Akhmet Baitursynuly Kostanay Regional University,  
Republic of Kazakhstan, Kostanay.

Received 05.06.24.

Received in revised form 09.04.25.

Accepted for publication 16.02.26.

## **IMAGE OF A TREE IN KAZAKH, RUSSIAN AND ENGLISH LINGUISTIC CULTURES**

*This article analyzes the image of a tree in Kazakh, Russian and English linguistic cultures. In each of the cultures the tree is associated with the life, family and culture of the people. The tree is represented as an image, the branches of which are connected with heaven, the trunk with the terrestrial world, the roots with the underworld. The tree in many cultures is a symbol of strength, durability, growth, fertility and wealth. The research article provides an overview of the research of scientists who studied the concept of «tree» in fiction, proverbs and sayings with the component tree or specific varieties of trees. The comparative analysis of lexicographic sources (etymological, explanatory dictionaries), proverbs and sayings, idioms in the Kazakh, Russian and English languages show the differences and similarities, peculiarities of the tree in the Kazakh, Russian and English linguistic cultures. Thus, in Kazakh linguistic culture the image of a tree symbolizing the life and continuity of generations mainly prevails. The tree appears as the image of the source of life, a kind of the beginning of a generation. In the proverbs of the Russian language, a tree is the symbol of age and experience: both youth and old age. The tree brings happiness and good luck, it is a kind of good luck charm. In the English-speaking culture, the image of a tree is mainly associated with well-being, prosperity and growth.*

*Keywords: symbol, concept, tree, linguistic culture, proverbs and sayings.*

Теруге 16.02.2026 ж. жіберілді. Басуға 27.03.2026 ж. кол койылды.

Электронды баспа

5,46 МБ RAM

Шартты баспа табағы 40,7. Таралымы 300 дана.

Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген: З. С. Исақова

Корректорлар: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас

Тапсырыс № 4508

Сдано в набор 16.02.2026 г. Подписано в печать 27.03.2026 г.

Электронное издание

5,46 МБ RAM

Усл. печ. л. 40,7. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка: З. С. Исақова

Корректоры: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас

Заказ № 4508

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

www.vestnik.tou.edu.kz